

Мұхаметқайыров Арсланбек Ерболатұлының «Жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын (soft skills) дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары»

тақырыбындағы

8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

### **ПІКІР**

Докторант Мұхаметқайыров Арсланбек Ерболатұлының «Жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын (soft skills) дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың басым бағыттарына, отандық білім беру жүйесін жаңғыртуға, сондай-ақ білім алушыларда ХХІ ғасыр құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың мақсат-міндеттеріне толық сәйкес келеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды және тез өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға, жаңа кәсіби талаптар мен әлеуметтік реалияларға бейімделе алатын, жан-жақты дамыған тұлғаны даярлаудағы қазіргі қоғамның объективті қажеттіліктерімен негізделген. Докторант цифрлық жағдайында әмбебап құзыреттерге ие тұлғаларға деген сұраныс пен қолданыстағы білім беру практикасында негізінен пәндік білім мен дағдыларды (hard skills) қалыптастыруға басымдық берілуі арасындағы қайшылықтарды сенімді түрде дәлелдей білді.

Мұхаметқайыров А.Е. зерттеліп отырған мәселені терең түсінетінін көрсете отырып, икемді дағдыларды дамыту саласындағы отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерді қамтитын кең ауқымды дереккөздерге жан-жақты теориялық талдау жүргізген. Докторанттың зерттеуді өз бетінше жүзеге асыруы ерекше назар аударарлық: ол Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеп, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдаған, soft skills феноменін зерттеудің теориялық концепциялар жүйелеген.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты жұмыс мазмұнының тұжырымдамалық интерпретациясын айқындайтын, логикалық тұрғыдан дұрыс құрылған жүйе болып табылады. Зерттеудің объектісі, пәні, мақсаты мен міндеттері нақты әрі өзара үйлесімді түрде тұжырымдалған. Диссертацияның барлық бөлімдері қойылған міндеттерді дәйекті түрде аша отырып, зерттеудің жалпы логикасына толықтай бағындырылған.

Диссертант жоғары сынып оқушыларына қатысты «икеменді дағдылар» (soft skills) ұғымының мәні мен мазмұнын теориялық тұрғыдан негіздеуге елеулі үлес қосып, оларды дамытудың әдіснамалық тәсілдерін айқындаған. Зерттеудің әдіснамалық негізі бір-бірін өзара толықтыратын құзыреттілік

(Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя), тұлғалық-іс-әрекеттік (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев), жүйелік (И.В. Блауберг, В.Н. Садовский) және метапәндік (Ю.В. Громько, А.В. Хуторской) тұғырлар кешенінен тұрады, бұл алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.

Автор әзірлеген жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі айрықша ғылыми-практикалық құндылыққа ие. Аталған үлгі тұтас кешенді педагогикалық жүйе ретінде ұсынылып, коммуникация, сыни ойлау, мақсат қою, эмоционалды интеллект, тайм-менеджмент және мотивация секілді алты негізгі компонентті қамтиды. Әрбір компонент даму критерийлері мен көрсеткіштері арқылы егжей-тегжейлі сипатталған, бұл педагогикалық ықпалдың тиімділігін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Диссертанттың маңызды жетістіктерінің бірі – Павлодар қаласының жалпы білім беретін мектептері базасында ауқымды эксперименттік зерттеу жүргізуі. Зерттеуде қолданылған әдістемелік құралдар икемді дағдылардың әртүрлі компоненттерін диагностикалауға арналған валидті әрі сенімді әдістемелерден тұрады. Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері әзірленген үлгі мен *soft skills* дамыту бағдарламасының тиімділігін айқын дәлелдейді. Статистикалық талдау икемді дағдыларды дамытудың барлық алты бағыты бойынша эксперименттік және бақылау топтары арасында статистикалық мәнді айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді, ал әсер өлшемдерінің орташадан жоғары деңгейге дейін жетуі алынған нәтижелердің жоғары практикалық маңыздылығын айғақтайды.

Диссертациялық жұмыстың практикалық құндылығы автор әзірлеген мектеп психологтарына, пән мұғалімдеріне және ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдардың Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарының практикасында табысты қолданылу мүмкіндігімен айқындалады. Ұсынылған іс-шаралар, әдістер мен тәсілдер жүйесі оқу-тәрбие процессін оңтайландыруға және жоғары сынып оқушыларын дербес өмірге әрі кәсіби өзін-өзі анықтауға даярлауда тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы жалпы білім беретін ұйымдардың жоғары сынып оқушыларында икемді дағдыларды мақсатты түрде дамытуға бағытталған психологиялық ерекшеліктер мен педагогикалық тәсілдердің өзара байланысын алғаш рет жүйелі түрде зерделеуімен сипатталады. Қорғауға ұсынылатын қағидалар өзіндік ерекшелікке ие болып, теориялық және эксперименттік зерттеу барысында дәйекті түрде дәлелденген.

Диссертацияның академиялық жазылу сапасы жоғары деңгейде. Жұмыс мәтіні логикалық құрылымдалған, баяндау стилі жүйелі әрі дәлелді. Диссертацияны орындау барысында докторант зерттеудің негізгі нәтижелерін көрсететін елеулі ғылыми жарияланымдар дайындаған: Web of Science деректер базасында индекстелетін журналда – 1 мақала, Scopus деректер базасында индекстелетін журналда – 1 мақала, Қазақстан

